

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Италия Республикасының Үкіметі арасындағы Жолаушылар мен жүктерді автомобиль көлігімен халықаралық тасымалдауды өзара реттеу туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 18 қарашадағы N 499 Заңы

Римде 2003 жылғы 5 ақпанда жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Италия Республикасының Үкіметі арасындағы Жолаушылар мен жүктерді автомобиль көлігімен халықаралық тасымалдауды өзара реттеу туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Италия Республикасының Үкіметі арасындағы Жолаушылар мен жүктерді автомобиль көлігімен халықаралық тасымалдауды өзара реттеу туралы

КЕЛІСІМ <*>

(2006 жылғы 19 мамырда күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2006 ж., N 6, 43-құжат)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Италия Республикасының Үкіметі,

екі мемлекет арасында, сондай-ақ олардың аумақтары арқылы транзитпен автомобиль көлігімен жолаушы және жүк тасымалдарын реттеуді жеңілдету мақсатында және

өзара мүдделерді назарға ала отырып, төмендегі туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімге сәйкес Тараптар мемлекеттерінің автокөлік құралдары жолаушылар мен жүктерді Тараптар мемлекеттерінің аумағына немесе аумағынан, сондай-ақ олар Тараптар мемлекеттерінің бірінің аумағында тіркелу шартымен, олардың аумақтары арқылы транзитпен тасымалдай алады.

I - ЖОЛДАУШЫ ТАСЫМАЛДАРЫ

1.1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

2-бап

Тараптар мемлекеттерінің азаматтардың Тараптар мемлекеттерінің аумақтарына кіруін және шығуын, болуын реттейтін заңнамасына сәйкес осы Келісім, Тараптар мемлекеттерінің аумақтары арасындағы, сондай-ақ олардың аумақтары арқылы транзитпен өту кезінде, автобус жүргізушісін қоса алғанда, тоғыздан артық адам

тасымалдауға арналған автокөлік құралдары пайдаланылатын барлық халықаралық жолаушылар тасымалдарына қолданылады.

1.2. МЕМЛЕКЕТТЕР АРАСЫНДАҒЫ ТҰРАҚТЫ ТАСЫМАЛДАР

3-бап

1. Осы Келісімнің мақсаты үшін "тұрақты тасымал" мағынасында, алдын ала белгіленген және жарияланған қозғалыс кестелері мен тасымалдау тарифтеріне сәйкес, белгілі бір бағыт бойынша автобуспен жолаушылар тасымалы түсінілуі тиіс.

2. Осындай тасымалдар барысында жолаушылар алдын ала белгіленген аялдамаларда және басқа да ескерілген пункттерде отырғызылуы және түсірілуі мүмкін.

3. Осындай тасымалдарды қамтамасыз ету үшін, тілек білдірген кез келген жолаушы, жөнелту пункттерінде және жүретін жол бойындағы аялдамаларда, осы Келісімнің ережелеріне және Тараптар мемлекеттерінің тұрақты жолаушы тасымалын реттейтін заңнамасына сәйкес автокөлік құралының бортына, онда бос орын болған кезде алынуы тиіс.

4-бап

Тараптар мемлекеттерінің арасындағы тұрақты тасымалдар, осы Келісімнің 22-бабында көрсетілген Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары арасындағы келісім бойынша және осы Келісімнің 23-бабына сәйкес құрылған Бірлескен Комиссия қабылдаған шешімдердің негізінде ұйымдастырылады.

5-бап

1. Жолаушылардың тұрақты тасымалы Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары берген, басқа тұлғаға беруге болмайтын тиісті рұқсаттардың негізінде жүзеге асырылады.

2. Рұқсатты Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары, егер Тараптар өзгеше уағдаласпаса, олардың аумақтары бойынша өтетін бағыт бөлігіне екі жаққа бірдей негізде береді.

3. Рұқсаттың қолданылу мерзімін Бірлескен Комиссия келісуі тиіс.

4. Тасымалдарды жүзеге асыруға арналған рұқсат, аумағында тасымалдаушының компаниясы тіркелген Тарап мемлекетінің құзыретті органдарына тасымалдаушы берген өтінімнің негізінде беріледі.

5. Өтінімнің ішінде тасымалдаушының атауы, жолаушыларды отырғызу мен түсіруге арналған аялдау пункттері көрсетілген бағыт сызбасы, қозғалыс кестесі (бір күнтізбелік жылға жарамды), километрмен көрсетілген қашықтықтар, қозғалыстың мезгілі мен жиілігі, сондай-ақ Бірлескен Комиссия белгілейтін жол жүру құны сияқты міндетті мағлұматтар болуы тиіс. Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары қажетті деп санайтын қосымша мәліметтерді талап етуге құқылы.

6. Тараптар мемлекеттерінің бірінің құзыретті органы екінші Тарап мемлекетінің құзыретті органына қажетті құжаттармен жинақталған барлық қабылданған өтінімдер

т у р а л ы

х а б а р л а й д ы .

7. Өтінімді Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары Бірлескен Комиссия белгілеген рәсімдерге сәйкес мақұлдауы тиіс.

8. Тұрақты тасымалдарды орындауға рұқсат берілген автокөлік құралының барлық сапарлар кезінде түпнұсқа сертификаты болуы тиіс.

6-бап

Тараптардың бірінің мемлекетінің тасымалдаушыларына екінші Тарап мемлекетінің аумағында орналасқан екі пункттің арасында жолаушылар тасымалын жүзеге асыру рұқсат етілмейді.

1.3. ТҰРАҚТЫ ТРАНЗИТТІК ТАСЫМАЛДАР

7-бап

1. Осы Келісімнің мақсаты үшін "тұрақты транзиттік жолаушы тасымалы" мағынасында Тараптардың бірінің аумағында басталып және екінші Тарап мемлекетінің аумағын, осы екінші Тарап мемлекетінің аумағында жолаушыларды отырғызусыз немесе түсірусіз үшінші мемлекетке барумен кесіп өтетін, алдын ала белгіленген және жарияланған қозғалыс кестелері мен тасымалдау тарифтеріне сәйкес, белгілі бір бағыт бойынша автобуспен жолаушыларды тасымалдау түсініледі.

2. Тұрақты транзиттік тасымалдар, тасымалдаушы өзінің тіркелген мемлекетінің құзыретті органдары арқылы алдын ала өтінім беруі тиіс транзит мемлекетінің құзыретті органы берген рұқсаттардың негізінде орындалуы тиіс.

1.4. ТҰРАҚТЫ ЕМЕС ТАСЫМАЛДАР

8-бап

Осы Келісімнің мақсаты үшін тұрақты емес тасымалдар:

1) ("жабық есік сипатындағы" сапар), яғни автокөлік құралы тіркелген Тарап мемлекетінің аумағында басталатын және аяқталатын, бүкіл сапар уақытында бір жолаушыларды тасымалдау үшін бір ғана автокөлік құралы пайдаланылатын тасымал;

2) өзі тіркелген Тарап мемлекетінің аумағына бос қайтатын автокөлік құралымен екінші Тарап мемлекетінің аумағына жолаушыларды тасымалдау;

3) тасымалдаушы мен тапсырыс берушінің арасында алдын ала қол жеткізілген шарттың негізінде автокөлік құралы тіркелген Тарап мемлекетінің аумағына тасымалдау үшін жолаушылар тобын жинау мақсатында, екінші Тарап мемлекетінің аумағына жолаушыларсыз сапар шегу болып табылады.

9-бап

1. Осы Келісімнің 8-бабының 1) және 2) тармақшаларында олар үшін шарттар ескерілген тасымалдар, тіпті олар транзиттік тасымалдар болып табылса да, ешқандай р ұ қ с а т т а р д ы т а л а п е т п е й д і .

2. Осындай жағдайларда жүргізушіде жолаушылардың толық тізімімен тиісті түрде толтырылған жол ведомосі, тасымалдаушының аты мен мекен-жайы, автокөлік құралының тіркелу нөмірі, келу пункті, екінші Тарап мемлекеттерінің аумақтарына

кірудің және шығудың болжанған күні болуы тиіс.

3. Автокөлік құралы сынған жағдайда, Бірлескен Комиссия белгілеген рәсімдерге сәйкес, ол талап етілетін рұқсатсыз басқа көлік құралымен ауыстырылуы мүмкін.

4. Егер осы Келісімнің 8-бабының 3) тармақшасында ескертілген шарттар орын алса, онда тасымалды орындайтын көлік компаниясы тіркелген бір Тарап мемлекетінің құзыретті органдары екінші Тарап мемлекетінің құзыретті органдарынан рұқсат

с ұ р а у ғ а қ ұ қ ы л ы .

5. Құзыретті органдар жыл сайынғы мөлшерін осы Келісімде көзделген Бірлескен Комиссия белгілейтін рұқсаттар бланкілерімен алмасуы тиіс.

1.5. АВТОКӨЛПҚ ҚҰРАЛЫМЕН БАСҚА ТАСЫМАЛДАР

10-бап

1. Алдыңғы баптарда шарттары ескерілмеген автокөлік құралымен басқа тасымалдар жағдайында, екінші Тарап мемлекетінің құзыретті органдарында әр жеке жағдайда рұқсаттар алдын ала алынуы тиіс.

2. Рұқсат өз Тарабы мемлекетінің құзыретті органдары арқылы екінші Тарап мемлекетінің құзыретті органдарына өтінім берген әрбір тасымалдаушыға беріледі.

3. Өтінімнің ішінде қозғалыс бағыты, келу пункті, сапардың мақсаты туралы мәліметтер және Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары талап етуі мүмкін б а с қ а а қ п а р а т б о л у ы т и і с .

4. Тараптар мемлекеттерінің бірінің құзыретті органдары қабылданған өтінімдерді барлық қажетті құжаттармен екінші Тарап мемлекетінің құзыретті органдарына беруі т и і с .

5. Екінші Тарап мемлекетінің құзыретті органдары өтінім алынған күнінен бастап 30 күн ішінде қабылданған шешім туралы хабарлауы тиіс.

6. Екінші Тарап мемлекетінің құзыретті органдарының келісімі алынғаннан кейін, тасымалдаушы тіркелген Тарап мемлекетінің құзыретті органдары рұқсатты беруі тиіс.

II - ЖҮК ТАСЫМАЛЫ

2.1. ЕКІ МЕМЛЕКЕТ АРАСЫНДАҒЫ ТАСЫМАЛДАР ЖӘНЕ ТРАНЗИТТІК ТАСЫМАЛДАР

11-бап

1. Тараптар мемлекеттерінің бірінде тіркелген жүк тасымалдаушыда екінші Тарап мемлекетінің құзыретті органы берген, осы Келісімнің 12-бабында ескерілген жағдайларды қоспағанда, немесе Бірлескен Комиссияның екіжақты тасымалдар үшін рұқсат беру жүйесінен босатуға қатысты шешімдеріне сәйкес, екі мемлекет арасында тасымалдарды жүзеге асыруға рұқсаты болуы тиіс. Мұндай рұқсат тура және кері бағыттардағы тасымалдар бойы жарамды.

2. Тасымалдарды жүзеге асыру кезінде автокөлік құралдары мен жүргізушілердің екінші Тарап мемлекетінің аумағына кіруі, жүруі және болуы өзара шартпен, мемлекеттік қауіпсіздік себептері бойынша талап етілгенде, ерекше мерзімдер мен

шарттарға, тексерістер мен сақтық шараларына бағындырылуы мүмкін.

3. Осы Келісімнің мақсаты үшін, егер тасымал үшінші мемлекетке баруға, Тараптар мемлекеттерінің бірінің аумағы бойынша, аумағы арқылы автокөлік құралы транзитпен өтетін Тарап мемлекетінің аумағында жүктерді тиеуді немесе түсіруді жүзеге асырмай өтсе, тасымал транзиттік деп саналады.

4. Транзиттік тасымалдарды жүзеге асыру үшін тасымалдаушыда осы Келісімнің 12-бабында ескерілген жағдайларды қоспағанда, немесе Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары өзгеше келіспесе, екінші Тарап мемлекетінің құзыретті органдары берген рұқсат болуы тиіс.

12-бап

1. Екінші Тарап мемлекеттерінің аумақтарына және аумақтарынан төменде келтірілген жүктерді әкелу мен әкетуді реттейтін Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларына залалсыз осы Келісімнің 11-бабында ескерілген рұқсаттардан:

1) мәйіттер мен қайтыс болғандардың күлін тасымалдау;

2) көрмелерге ғана арналған заттарды тасымалдау;

3) театр, музыка, кинематография, спорт және цирк іс-шараларына, сондай-ақ радиохабарларды, кино және телевизиялық түсірулерді жазуға арналған жабдықтар мен керек-жарақтарды тасымалдау;

4) екінші Тарап мемлекетінің аумағында істен шыққан басқа жүк автокөлік құралын ауыстыруға арналған бос жүк автокөлік құралының қозғалысы және жөнделген бос автокөлік құралының қайтуы.

Ауыстыратын автокөлік құралы істен шыққан автокөлік құралына берілген рұқсатты пайдаланып, тасымалды жалғастыра алады;

5) дәрі-дәрімектерді, медициналық жабдықтар мен жарақтарды, сондай-ақ кезек күттірмейтін авариялық жағдайлар мен табиғи апаттар кезінде сыни жағдайларды жою бойынша көмек көрсетуге арналған басқа заттарды тасымалдау;

6) почтаны тасымалдау;

7) тасымалдау шарты өзгертілген жағдайда, әуежайға жеткізілетін жүктердің тұрақсыз тасымалы;

8) жолаушылардың автокөлік құралдарына тіркелген трейлерлерде немесе әуежайға бара жатқан немесе әуежайдан келе жатқан кез келген автокөлік құралын пайдаланатын теңдеме жүк фургондарында теңдеме жүкті тасымалдау;

9) полиция немесе арнайы күзет еріп жүретін арнайы автокөлік құралдарында құндылықтарды (асыл металдар және т.б.) тасымалдау;

10) теңіз және әуе тасымалдары үшін қосалқы бөлшектерді тасымалдау босатылады.

2. Осы Бапқа сәйкес рұқсаттар талап етілмейтін тасымалдар тізімін Бірлескен Комиссия өзгерте алады.

3. Осы Бапта ескерілген барлық тасымалдар Тараптар мемлекеттерінің

аумақтарында қолданылып жүрген және осы мәселені реттейтін белгілі бір ережелер мен нұсқамалардың шарттарына сәйкес қажет болуы мүмкін барлық талаптарға бағынуы тиіс.

13-бап

Бір де бір рұқсат үшінші тұлғаға берілмейді, ол кімге берілсе, сол тасымалдаушы ғана оны пайдалана алады және тасымалдаушыға бір автокөлік құралымен немесе құрамдастырылған автокөлік құралымен (тіркемелі/жартылай тіркемелі автокөлік құралы, тіркемесіз автокөлік құралы, біріктірілген автокөлік құралы), қолданысы бір күнтізбелік жылдан аспауы тиіс рұқсаты көрсетілген қолданыс мерзімі бойы тасымалды жүзеге асыруға құқық береді.

14-бап

1. Бір Тарап мемлекетінің тасымалдаушыларына екінші Тарап мемлекетінің аумағында орналасқан екі пункт арасында жүк тасымалын жүзеге асыруға тыйым салынады.

2. Бір Тарап мемлекетінің тасымалдаушыларына сонымен қатар екінші Тарап мемлекетінің аумағы мен үшінші мемлекеттің аумағы арасында және керісінше жүктерді тасымалдауға, егер рұқсаттардың арнайы мөлшері туралы шешім қабылдайтын Бірлескен Комиссия өзгеше көздемесе, тыйым салынады.

III - ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

15-бап

1. Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары өз мемлекетінің заңнамасына сәйкес автокөлік компанияларына, автокөлік құралдарының жарамдылығына, автокөлік құралдары құжаттарының мазмұнына, жүргізушінің біліктілігіне, сақтандыруды жабу мен үшінші тұлғалардың алдында жоғары жауапкершілікті сақтандыруға және жолаушылардың өтеміне қойылатын техникалық және кәсіптік стандарттарды белгілеуі тиіс.

2. Сақтандыру полисінің мерзімдері мен шарттары барлық жағдайларда, тасымал соған жүзеге асырылатын Тарап мемлекетінің заңнамасында белгілеген талаптарға сәйкес болуы тиіс.

16-бап

Жол жүруге, жолаушылар мен жүктерді тасымалдау үшін қажетті құжаттарды жасауға, жазбалар жүргізуге, Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары арасында алмасу үшін статистикалық мәліметтердің жазбасына арналған рұқсаттар беру үшін рәсімдер мен нысандылықтарды Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары келісуі тиіс.

17-бап

1. Осы Келісім бойынша талап етілетін рұқсаттар, сондай-ақ басқа тасымалдау құжаттары осы Келісімде көзделген барлық тасымалдар кезінде автокөлік құралында болуы тиіс және Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдарының өкілдеріне талап

бойынша тексеру үшін ұсынылуы тиіс.

2. Тасымалдау құжаттарын сапар басталар алдында толығымен толтыру керек.

3. Жүкпен немесе жүксіз келе жатқан автокөлік құралының көлемдік немесе салмақтық параметрлері екінші Тарап мемлекетінің аумағында белгіленген нормалардан артық болған жағдайда, тасымалдаушы екінші Тарап мемлекетінің құзыретті органдарының арнайы рұқсатын алуы тиіс.

4. Тасымалдаушылар мен олардың автокөлік құралдарының экипажы осы Келісімнің мақсаты үшін, Тараптар мемлекеттерінің әрқайсының аумағындағы жол қозғалысы мен тасымалдарды реттейтін ережелер мен қағидаларды сақтауы тиіс.

5. Тасымалдаушылар мен олардың автокөлік құралдарының экипажы осы Баптың 4-тармағында ескерілген ережелер мен қағидаларды бұзған жағдайда, олар аумағында бұзушылық жасалған Тарап мемлекетінің заңнамасына сәйкес жауапты болады.

18-бап

1. Тараптардың бірінің мемлекетінің аумағына әкелінетіндер кедендік баждарды, кедендік ресімдеу үшін алымдарды және импорт кезінде алынатын салықтарды төлеуден босатылады:

1) автокөлік құралының тиісті моделі үшін көзделген, техникалық және конструкциялық жағынан қозғалтқыштың отын жүйесімен байланысты негізгі сыйымдылықтардағы жанармай, сондай-ақ рефрижератор қондырғыларының жұмысы үшін қажетті, тіркемедегі немесе жартылай тіркемедегі жанармай;

2) тасымалдау кезінде қалыпты тұтынуға қажетті мөлшердегі, автокөлік құралындағы жағармай материалдары;

3) халықаралық тасымалды орындайтын автокөлік құралдарын жөндеуге арналған қосалқы бөлшектер мен құралдар. Пайдаланылмаған қосалқы бөлшектер кері әкелінуі тиіс, ал алмастырылған қосалқы бөлшектер мемлекеттен шығарылуы не жойылуы тиіс не тиісті Тарап мемлекетінің аумағында белгіленген тәртіппен айналымға түсуі тиіс.

2. Автокөлік құралының жүргізушісі және экипажының басқа мүшелері, баратын елде олардың болатын мерзіміне сапарда қажетті жеке бұйымдардың белгілі бір санын кедендік алымдар мен импорттық баждардан босатылумен және оларды кері шығару шартымен уақытша кіргізе алады.

3. Әрбір Тарап екінші Тарап мемлекеттің аумағында тіркелген автокөлік құралдарының өз аумағына, кедендік баждарды төлеуден босатылумен, тыйымдарсыз және шектеулерсіз, оларды кері шығару шартымен кіруіне рұқсат беруі тиіс.

4. Тараптар мұндай автокөлік құралдарының, олардың аумағына уақытша кіруі үшін кедендік ресімдерден өтуін талап етуі мүмкін.

19-бап

1. Осы Келісімге сәйкес орындалатын тасымалдар төлем күніне жарамды рынок бағамы бойынша, еркін айналыстағы валютада ресімделуі және төленуі тиіс.

2. Тиісті ақша аударымдары, алдыңғы фискалдық міндеттемелердің аяқталуы

шартымен шектеулер мен кідірістерге бағынбауы тиіс.

3. Егер төлемдер туралы келісім Тараптар арасында жасалса, онда жоғарыда ескерілген төлем, осы Келісімнің шарттарына сәйкес жүргізілуі тиіс.

20-бап

Шекарадан өтуге байланысты шекаралық, кедендік және санитарлық бақылауға қатысты Тарап мемлекеттері қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттардың ережелері қолданылады және бұл шарттар реттемеген мәселелерді шешу кезінде Тарап мемлекеттерінің әрқайсының заңнамасы қолданылатын болады.

21-бап

1. Құқық бұзушылық жасалған Тарап мемлекетінің ресми жарияланған жазалау шараларына қарамай, екінші Тарап мемлекетінің аумағында осы Келісімнің ережелері бұзылған жағдайда, аумағында автокөлік құралы тіркелген Тарап мемлекетінің құзыретті органдары, екінші Тарап мемлекетінің құзыретті органдарынан хабар алысымен мына шаралардың бірін қабылдау туралы шешім қабылдайды:

1) жүрген мемлекетінің заңнама талаптарын сақтау қажеттілігі туралы т а с ы м а л д а у ш ы ғ а е с к е р т у ;

2) бұзушылық қайталанған жағдайда, төменде келтірілген, 3) немесе 4) тармақтарда көзделген шаралардың қолданылатынын ескерту;

3) бұзушылық жасалған мемлекетте жолаушылардың немесе жүктердің тасымалын жүзеге асыруға арналған рұқсатты уақытша тоқтата тұру;

4) бұзушылық жасалған мемлекетте жолаушылардың немесе жүктердің тасымалын жүзеге асыруға арналған рұқсатты алып қою.

2. Екі Тарап мемлекеттерінің құзыретті органдары бір-бірін қабылданған шаралары туралы хабардар етеді.

22-бап

1. Осы Келісімді қолдануға немесе түсіндіруге байланысты даулы мәселелер Тараптардың консультациялары және келіссөздері арқылы шешіледі.

2. Осы Келісімді қолдану бойынша Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары:

Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін:

Көлік және коммуникациялар министрлігі;

Италия Республикасының Үкіметі үшін:

Инфрақұрылым және көлік министрлігі

болып табылады.

23-бап

1. Осы Келісімнің ережелерін орындау және оларға байланысты ағымдағы мәселелерді шешу мақсатында осымен Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдарының өкілдерінен тұратын және мынадай басты функциялары бар Бірлескен К о м и с с и я қ ұ р ы л а д ы :

1) жолаушылардың тұрақты тасымалы бойынша өз пікірін білдіру және, егер қажет

болса, екі Тарап үшін өзара мүдде тудыратын, мұндай тасымалдарды қамтамасыз етуге арналған рәсімдер туралы уағдаласу;

2) 8, 9, 11 және 14-баптарда ескерілген, жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға арналған рұқсаттар мөлшерін бірлесіп белгілеу немесе екіжақты және транзиттік тасымалдау жағдайында рұқсаттардан босату туралы мәселені шешу;

3) 5, 8, 9, 10 және 11-баптарда ескерілген рұқсаттар бланкілерінің нысанын әзірлеу және оларды беру рәсімдерін белгілеу;

4) осы Келісімді іске асыру барысында туындайтын проблемалар мен мәселелерді шешу ;

5) екі мемлекет арасындағы автомобиль тасымалдарын жеңілдету және дамытуға жағдай жасау бойынша барлық тиісті шараларды қабылдау;

6) екі мемлекеттің қолданылып жүрген заңнамасында рұқсат етілген, өзара қағидатта негізделген, салықтардан босатуды ұсыну жөнінде құзыретті органдармен келісімдерді белгілеу мүмкіндігін қарау.

2. Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары, Тараптардың бірінің сұранысы бойынша мәжілісі, Тараптар мемлекеттерінің аумақтарында кезекпен өткізілетін Бірлескен Комиссияға өздерінің өкілдерін тағайындауға тиіс.

24-бап

Осы Келісімде ескерілмеген барлық мәселелер Тараптар мемлекеттерінің заңнамасымен немесе Тараптар мемлекеттері қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттармен реттеледі.

25-бап

1. Осы Келісімде ескерілген жолаушылар мен жүк тасымалын жүзеге асыру кезінде автокөлік құралдарының жүргізушілерімен қызметшілері, олар аумағында тасымалдарды жүзеге асыратын Тарап мемлекетінде қолданылып жүрген заңнама мен әкімшілік ережелерін, атап айтқанда, тиісті аумаққа кіруді және болуды реттейтін нормаларды сақтауға және құрметтеуге тиіс.

2. Тараптар, жүктердің қозғалысын реттеу нысаны да болуы мүмкін ұлттық қауіпсіздік тұрғыдан пайымдаумен, өзара келісілген, еркін қозғалыс құқығынан бас тарту құқығын өздеріне қалдырады.

IV - СОҢҒЫ ШАРТТАР

26-бап

1. Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және оның күшіне енуі үшін қажетті барлық мемлекетшілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді.

2. Әрбір Тарап екінші Тарапты жазбаша хабарландыру арқылы осы Келісімнің күшін жоюы мүмкін. Тиісті Тарап хабарлама алған күннен бастап үш ай өткен соң Келісімнің қолданысы тоқтатылады.

Осыларды растау ретінде өз Үкіметі тиісті түрде уәкілеттік берген төменде қол қойған Өкілдер осы Келісімге қол қойды.

Рим қаласында 2003 жылғы 5 ақпанда екі түпнұсқа данада әрқайсысы қазақ, итальян, орыс және ағылшын тілдерінде жасалды және де барлық мәтіндердің күші б і р д е й .

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушілік туындаған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

Қазақстан Республикасының *Италия Республикасының*
Үкіметі үшін *Үкіметі үшін*